



Тауарларды сатып алу туралы шарт №1150929/2025/1

10.10.2025 жылғы

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, "Қазгермұнай" бірлескен кәсіпорны " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Сенімхат №4267513370 06.02.2025 бастап, 10.06.2025 ж. №61/2025 сенімхат негізінде әрекет ететін Бас директордың өндіріс жөніндегі орынбасары Т.К. Абибуллаев, негізінде қызмет ететін Бас директордың өндіріс бойынша орынбасары ЦАО КЭЧУАНЬ, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, "ЗОЦМ" акционерлік қоғамы атынан Жарғы, негізінде қызмет ететін Президент ХАФИЗОВ ЕРМЕК БАТЫРКАИРОВИЧ, екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 1150929 негізінде осы тауарларды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегілер туралы келісімге келді.

Өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып, мыналарды растайды:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші тауарларды Шартта (бұдан әрі - Тауар) көрсетілген бағалар, параметрлер және басқа да шарттар бойынша Тапсырыс берушінің меншігіне жеткізуге және беруге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда Тауарды осы Шарттың талаптарымен қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Осы Шартта төменде аталған түсініктер келесі мағынаға ие болады:

1.2.1. «Шарт» - Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған, электрондық нысанда тіркелген, Тараптардың электрондық цифрлық қолтаңбасы қойылған, оған барлық қосымшалар мен толықтырулармен, сондай-ақ шартта сілтемелер бар барлық құжаттамамен жасалған азаматтық-құқықтық шарт. Қажет болған жағдайда, осы Шартты zakup.sk.kz сайтында электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қоюдың міндетті талабымен қағаз жеткізгіште жазбаша нысанда жасауға болады.

1.2.2. «Шарттың жалпы сомасы» - Шарттың аясында өзінің келісімшарттық міндеттемелерін толық орындағаны үшін Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлейге тиісті соманы білдіреді.

1.2.3. «Тауарлар» - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Өнім беруші Шарт шеңберінде Тапсырыс берушіге жеткізуге тиіс қатты, сұйық немесе газ түріндегі нәрселерді (заттарды), оның ішінде жартылай фабрикаттарды немесе шикізатты, электр және жылу энергиясын, шығармашылық зияткерлік қызметтің объективті нәтижелерін, сондай-ақ сатып алу-сату мәмілелерінің мәні болып табылуы мүмкін заттық құқықтарды білдіреді.

1.2.4. «Ілеспе қызметтер» - тасымалдау және сақтандыру сияқты Тауарды жеткізуді қамтамасыз ететін қызметтерді және мысалы, монтаждауды, іске қосуды, техникалық жәрдем көрсетуді, оқытуды және осы Шартта көзделген Өнім берушінің басқа да осындай міндеттерін қамтитын кез келген басқа да қосалқы қызметтерді білдіреді.

1.2.5. «Хабарлама» - Шарттың Тараптары арасында хат, жеделхат, телекс немесе факс түріндегі, кейіннен түпнұсқаны ұсына отырып берілетін, жеткізілгеннен кейін немесе онда көрсетілген күні осы күндердің қайсысы кешірек орын алуына байланысты күшіне енетін хабарлама.

1.3. Төменде аталған құжаттар мен оларда көрсетілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: Шарт; Сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің тізбесі (№ 1 қосымша); Техникалық ерекшелік (№ 2 қосымша); Ұйымдардың тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу кезіндегі елішілік құндылығын есептеуі (№ 3 қосымша); Қорлардың кіріс ордерінің нысаны (№ 4 қосымша), Тауарды жөнелту туралы хабарлама нысаны (№5 қосымша).

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 8323840.00 (сегіз миллион үш жүз жиырма үш мың сегіз жүз қырық) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.3.1. Егер осы Шарт сатып алынатын тауардың тауар өндірушісімен (өтініш (декларация) негізінде сатып алынатын тауармен біртекті тауар өндірушімен) жасалса, Тапсырыс беруші шарт сомасының кемінде 30% мөлшерінде алдын ала төлем жүргізеді (ұзақ мерзімді сатып алу кезінде – ұзақ мерзімді шарт қолданысының келесі 12 (он екі) айына тауарды жеткізу үшін көзделген соманың кемінде 30%), ол өнім беруші авансты (алдын ала төлемді) қайтаруды қамтамасыз етуді ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он)





күннен кешіктірілмей төленуге тиіс.

Аванстық төлем (алдын ала төлем) Тапсырыстың 43-бабының 8-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, аванстың қайтарылуын қамтамасыз ету ұсынылған жағдайда жүргізіледі.

Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан жағдайда осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

Жеткізілген тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу тараптардың жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі-қабылдау - беру актілері) қол қойған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі.

2.4. Аванстық төлемді (алдын ала төлемді) Тапсырыс беруші Шарт жасалған және Өнім беруші алдын ала төлеуге шот ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізеді.

Өнім беруші аванстық төлемнен (алдын ала төлемнен) бас тартқан немесе осы тармақта белгіленген мерзімде алдын ала төлем шотын ұсынбаған жағдайда, осы аванстық төлем (алдын ала төлем) жүзеге асырылмайды.

2.5. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.5.1. Шарт шеңберінде жеткізілген Тауарлардағы елішілік құндылық үлесін электрондық құжат нысанында есептеу (электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады.

2.5.2. Шот-фактуралар;

2.5.3. Қорлардың кіріс ордері (Тауарларды қабылдау-беру актісі).

2.6. Заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған қабылдау-беру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді.

Веб-порталда электрондық түрде Тауарларды қабылдау-беру актісін (-лерін) қалыптастыруға және оларға қол қоюға жол беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп шарт бойынша тиісті жұмыстарды (көрсетілетін қызметтерді) орындағаннан кейін жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу шарт сомасының 20%-нан аспауға тиіс.

2.7. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.8. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

2.9. Шарт сомасына Өнім берушінің Тауарды жеткізуге байланысты барлық шығыстары, оның ішінде Шартта көзделген ілеспе қызметтер кіреді.

2.10. Кез келген шот-фактураны төлеу, төлемеу немесе төлеуге қарсылық фактісі, кез келген дауды реттеу кезіндегі кез келген төлемдер немесе есеп айырысулар, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген іс-әрекеттердің кез келген үйлесімі Тапсырыс берушінің Өнім берушінің шот-фактурасын тануын білдірмейді. Тапсырыс беруші тарапынан кез келген төлем одан әрі шотта ұсынылған кез келген соманың негізділігіне дау айту құқығы сақталған жағдайда жүргізіледі.

2.11 Өнім беруші осы Шартпен Тапсырыс берушіге Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша Өнім берушіге тиесілі ақшаның кез келген сомасын, оның ішінде төленген аванстарды, осы Шартта да, Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша да көзделген өз міндеттемелерін орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін төленуге тиіс қаражатты біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқық береді.

2.12 Салықтар және төлемдер

2.12.1 Салықтар мен бюджетке міндетті түрде төленетін басқа төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес келесідей ретте төленеді:

2.12.1.1 Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға байланысты есептелген барлық және кез келген салықтарды төлегені үшін толық жауапты болады және Тапсырыс берушіні Өнім берушіге жүргізілген немесе ол Шарт бойынша алған кез келген төлемге байланысты Қазақстан Республикасының кез келген мемлекеттік органы, оның ішінде салық қызметі Өнім берушіге есептеуі және салуы мүмкін (өсімпұлдар мен айыппұлдарды қоса алғанда) барлық талап етілетін салықтарды немесе алымдарды төлегені үшін кез келген және барлық талаптардан және жауапкершіліктен босатады және қорғайды.

2.12.1.2 Егер мұндай талап Қазақстан Республикасының заңында, ережелерінде немесе нұсқаулықтарында қамтылса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге төлеуге тиесілі сомадан салық төлеу бойынша кез келген соманы ұстап қалады. Өнім берушіге кез келген ведомствода Тапсырыс берушіге көрсетілген қаражатты ұстап қалу туралы талаптың заңдылығына дау айтуға мүмкіндік беру үшін Тапсырыс беруші Өнім берушіні кез келген осындай талап туралы алдын ала хабардар етеді. Тапсырыс беруші Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органына ұсталған сома мөлшерінде жүргізген төлем, егер бастапқы төлем Өнім берушіге жүзеге асырылған болса, Өнім берушінің атынан жүргізілген төлем болып есептеледі және Тапсырыс беруші Өнім берушінің алдында осындай жолмен ұсталған сома





бойынша одан әрі жауапты болмайды. Тапсырыс беруші сондай-ақ Өнім берушіге барлық осындай төлемдердің құжатталған куәліктерін ұсынады.

2.12.1.3 Өнім беруші салық есептілігін дұрыс толтырмағандықтан, қарсы тексерулердің және/немесе Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс комитетіне сұрау салулардың нәтижелері бойынша расталмаған есептеулерге дейін Тапсырыс берушіге ҚҚС сомасын қайтаруға міндетті.

2.12.1.4 Егер мемлекеттік органдар камералдық бақылау рәсімі, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану және (немесе) тексерулер, сондай-ақ өзге де іс-шаралардың аясында Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды көрсетпеу (төлемеу) немесе растамау фактілерін анықтап, соның салдарынан Тапсырыс берушіге Қазақстан Республикасының бюджетінен ҚҚС асып кеткен сомасын қайтарудан бас тартылса немесе салықтарды қосымша төлеу міндеттелсе, онда Өнім беруші Тапсырыс берушіге Тапсырыс берушіден тиісті хабарлама алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Қазақстан Республикасының бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС-тың барлық сомасын қайтаруға, сондай-ақ қаржылық санкцияларды қоса алғанда, барлық өзге де қосылған салықтарды өтеуге міндеттенеді.

Осы тармақта көзделген шарт тікелей Өнім берушінің өзімен өзара қарым-қатынастармен шектелмейді, сондай-ақ Тапсырыс берушімен өзара есеп айырысуды растамау жағдайларына қандай да бір негіздер бойынша ҚҚС қайтарылмаған және мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге ұсынған салықтар мен қаржылық санкцияларды есептегенге дейін Өнім берушінің басқа Өнім берушілерімен өзара қарым-қатынастарына да қолданылады.

Бұрын анықталған көрсетпеу (төлемеу) фактілері бойынша ҚР бюджетінен қайтарудан бас тартылған ҚҚС асып кету сомасы не Шартта көзделген операциялар бойынша өзара есеп айырысуларды растамау орын алса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге ҚҚС қайтаруға жаңадан берілген талап және Өнім берушінің не 1, 2, 3 және т.б. деңгейлердегі Өнім берушілердің бұрын табылған бұзушылықтарды жоюлары нәтижесінде бұрын расталмаған сомаларды қайтарудың расталған жағдайында Тапсырыс беруші ҚҚС асып кетуін нақты қайтаруды алғаннан кейін 10 (он) күн ішінде Өнім беруші бұрын өтеген ҚҚС сомасын қайтаруға міндеттенеді.

2.13 Тапсырыс берушінің және/немесе Өнім берушінің заңды/іс жүзіндегі мекенжайы өзгерген жағдайда, Тараптар бұл туралы бір-біріне 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жіберу арқылы (Шарттың нөмірін көрсете отырып және "бухгалтерия үшін" деген ескертпемен) алдын ала хабарлайды, осындай өзгерістер күшіне енген күннен бастап, соның негізінде одан әрі өзара есеп айырысулар жүргізіледі. Егер хабарлама мерзімдерін бұзу немесе Өнім беруші төлем үшін заңды/нақты мекенжайды дұрыс көрсетпеу нәтижесінде төлемдер дұрыс емес деректемелер бойынша жүргізілген жағдайда, Тапсырыс беруші төлем бойынша міндеттемелерді тиісінше орындаған болып есептеледі. Бұл ретте, егер аударылған ақша Тапсырыс берушінің есеп айырысу шотына қайтарылса, Тапсырыс беруші алынған ақшаны Өнім берушіге аударуға міндетті, бұл ретте ақшаны дұрыс емес деректемелер бойынша аудару нәтижесінде пайда болған қосымша шығыстардың сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалады.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сәйкес мекенжайға және мерзім ішінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тапсырыс берушінің Қорлардың кіріс ордеріне қол қойған күні Тауарды жеткізу күні болып есептеледі. Өнім беруші тауарды Қорлардың кіріс ордеріне сәйкес және Шарттың № 1, № 2 қосымшаларына сәйкес саны мен сапасы бойынша Тапсырыс берушіге береді. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың кездейсоқ жойылу, бүліну қаупі Тапсырыс беруші Қорлардың кіріс ордеріне қол қойған күннен бастап Өнім берушіден Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың Жалпы сомасына енгізіледі.

3.3. Тауарды жеткізуді Өнім беруші Тапсырыс берушінің қоймасына дейін DDP (Инкотермс 2010) шарттарымен жүзеге асырады. Тауарды межелі пунктке дейін тасымалдауды Өнім беруші жүзеге асырады және төлейді, ал осыған байланысты шығыстар Шарттың Жалпы сомасына қосылады.

3.4. Өнім беруші (не оның өкілі) Тауармен бірге Тауарды жеткізу пунктіне келгенге дейін кемінде 1 (бір) апта бұрын Тапсырыс берушіге мынадай құжаттаманы жіберуге міндеттенеді: а) тауар-ілеспе жүкқұжат; б) сақтандыру сертификаты (егер тендерлік құжаттамада көзделсе); в) дайындаушының немесе Өнім берушінің кепілдік сертификаты (егер Техникалық ерекшелікте көрсетілсе - № 2 қосымша).

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Тауарды Шарттың және өз өндірісінің талаптарына сәйкес жеткізуге.

Сатып алынған тауардың партиясына/сериясына сатып алынған тауардың қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті актіге, СТ-KZ нысанындағы сертификатқа (түпнұсқасы, нотариалды куәландырған көшірмесі не ішкі айналым үшін тауардың шығу тегі туралы сертификат беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі) тараптар қол қойған күнге дейін өнім берушінің ұсынуы осы міндеттеменің орындалуын растау болып табылады.

СТ-KZ нысанының сертификаты (тары) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) ұсынылуы тиіс;

4.1.2. Тапсырыс берушіге жеткізілетін Тауарға құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт шеңберінде электрондық құжат нысанында жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік





құндылық үлесін есептеуге (Веб-порталда ұсынылады). Қабылдау-берудің соңғы актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Қорлардың кіріс ордері (Тауарларды қабылдау-беру актісі).

4.1.2.3. Қорлардың кіріс ордерін Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - Жүйе) арқылы жібереді. Жүйеде Тауарлар қорларының Кіріс ордерін электрондық түрде қалыптастыруды және қол қоюды Өнім беруші уақтылы және міндетті түрде жүзеге асыруға тиіс.

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шеңберінде ұсынуға міндеттенеді.

4.1.6. Тауарды қабылдау-беру процесінде Тауардың сапасын, санын, сондай-ақ Тауардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

4.1.7 Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша Қорлардың кіріс ордері бойынша Тауарды тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны жазып беруге;

4.1.8 Өз өндірісіндегі Тауарды жеткізуді жүргізу. Өнім берушінің Кіріс ордеріне тараптардың қол қойған күніне дейін сатып алынатын тауардың партиясына/сериясына СТ-KZ нысанындағы сертификатты (түпнұсқасы, нотариалды куәландырылған көшірмесі не ішкі айналымға арналған тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру жөніндегі уәкілетті органның мөрімен куәландырылған көшірмесі) ұсынуы осы міндеттеменің орындалуын растау болып табылады. СТ-KZ нысанындағы сертификат(тар) сатып алу туралы шарт шеңберінде жеткізілген тауардың барлық көлеміне (санына) ұсынылуы тиіс;

4.1.9 Жеткізілетін Тауарларға паспорттар, сынақ хаттамалары (егер бұл тендерлік құжаттамада көзделген болса) беру.

4.1.10 Тапсырыс берушінің байланыс тұлғасына Тауарды түсіру туралы мынадай ақпаратты көрсете отырып хабарлау:

- Жеткізушінің атауы;
- Шарттың нөмірі мен күні;
- мемлекеттік нөмірлік белгі және көлік құралының түрі;
- Шарт қосымшасына қатаң сәйкестікте жеткізілетін Тауар санын қоса алғанда, жеткізілетін Тауар туралы ақпарат;
- Шарт бойынша жеткізу мерзімі;
- нақты жеткізу күні (немесе болжамды күні).

Хабарлама Тапсырыс берушіге Тауарды жеткізу жоспарланған күнге дейін 2 (екі) жұмыс күні бұрын «Логистика және МТС бөлімінің бастығына» деген белгімен жіберілуі тиіс. Түсіру туралы хабарламаны уақтылы ұсынбаған кезде Тапсырыс беруші Тауар келіп түскен күні қабылдаудан бас тартуға және түсіру күнін 2 (екі) жұмыс күніне дейін кейінге қалдыруға құқылы.

4.1.11 Тапсырыс беруші Басқармасының жазбаша актісі бойынша Тапсырыс берушінің көрсетілген өкілдеріне Тапсырыс берушінің Тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауға жататын құжаттарды (бухгалтерлік шоттарды, шот-фактураларды, шығыстар бойынша бастапқы құжаттамаларды) алу және танысу құқығы бар аудитпен шектелмей, Тауарды өндіру/сақтау орнына/қоймасына тексеру жүргізуге рұқсат беру;

4.1.12 Шарт бойынша Тауарды жеткізу үшін біліктілігі, құзыреттілігі және жеткілікті тәжірибесі бар персоналды тарту. Осындай персоналдың барлығы Қазақстан Республикасы заңнамасының барлық қолданылатын ережелерінде, нұсқаулықтарында, нормаларында және басқа да талаптарында көзделген біліктілігі, тәжірибесі және тиісті дайындығы болуы тиіс;

4.1.13 Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті рұқсат беру құжаттамасын (оны алу қажет болған жағдайда) алуға байланысты барлық шығыстарды көтеру;

4.1.14 Тауар жеткізілгеннен кейін Тапсырыс берушінің талабы бойынша 10 (он) күнтізбелік күн ішінде өзара есеп айырысуларды салыстырып тексеру актісіне қол қою.

4.1.15 Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Өнім беруші жіберген бұзушылықтар үшін толық жауапкершілікке ие болу, сондай-ақ Өнім берушінің әкімшілік құқық, экология, салық салу және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін уәкілетті мемлекеттік органдар Тапсырыс берушіге салатын кез келген жазаны толық көлемде өтеу;

4.1.16 Тапсырыс берушінің аумағында Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тапсырыс берушіге барлық жазатайым оқиғалар, жол-көлік оқиғалары туралы, сондай-ақ өзге де оқиғалар туралы ақпаратты қоса алғанда, аварияларды, өрттерді, жарылыстарды, мұнайдың және мұнай өнімдерінің төгілуін қоса алғанда, бірақ шектелмей, адамдардың өмірі мен денсаулығына және/немесе қоршаған ортаға залал келтірген жағдайларда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бөлігінде ақпарат беру;

4.1.17 Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде осындай





сұрау салуда көрсетілген мерзімде Өнім берушінің шаруашылық қызметінің қаржылық есептілігін беруге;

4.1.18 Тауарды Шарттың талаптарына сәйкес соңғы межелі пунктке тасымалдау кезінде бүлдірмей және зақымдамай жеткізуді қамтамасыз ету;

4.1.19 Тауарды түсіру және қабылдау кезінде өзінің (өздерінің) өкілінің(дерінің) қатысуын қамтамасыз ету. Осы өкілдің өзімен бірге оның жеке басын куәландыратын құжаты және Тауарды беруге сенімхаты болуы тиіс;

4.1.20 Өнім беруші Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға (оның ішінде белгілі бір күнге Өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпаратты ұсыну мүмкіндігін қарауға міндеттенеді;

4.1.21 Өнім беруші шартты орындау шеңберінде жеткізілетін тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттардың ережелерінде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті;

4.1.22 Осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.

4.1.23 Өнім беруші Тапсырыс берушіден сұрау салуды алған сәттен бастап 7 (жеті) күн ішінде Сұрау салынатын мәліметтерді беруге, оның ішінде Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғаларының объектілерге рұқсатын беруге міндетті.

4.2. Өнім беруші құқылы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.2.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.3. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

4.3.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.3.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.4. Тапсырыс беруші құқылы:

4.4.1. Өнім берушіден Шартта көзделген тиісті сапа мен мөлшердегі Тауарды алуға.

4.4.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.4.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шартты орындаудан бас тартуға құқығы бар.

4.4.4. Тапсырыс беруші Өнім берушінің тауарлардағы елішілік құндылықтың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.5. Өнім берушіден шығарылған өсімпұлдар, айыппұлдар мен шығындар сомасын төлеуді талап ету.

4.4.6. Тапсырыс беруші Өнім берушіден өндірістік қуаттарды, активтерді және қаржылық тұрақтылықты растайтын құжаттар мен өзге де мәліметтерді сұратуға, сондай-ақ Өнім берушінің объектілеріне көшпелі тексерулер жүргізуге құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық сипаттамаға және Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген тауарды қабылдауды Тапсырыс берушінің өкілдері тексеру жолымен және осы Шартта көзделген құжаттар негізінде жүзеге асырады.

5.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынады. Егер Өнім беруші 10 (он) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 10 (он) хабарлама алған кезден бастап жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдады деп есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

5.5. Тауарды қабылдау мынадай тәртіппен жүргізіледі:





5.5.1 Тауарды түсіру:

Өнім беруші Тауарды түсіруді Тапсырыс берушінің қоймасының аумағында, Тапсырыс беруші комиссиясы мүшелерінің қатысуымен арнайы бөлінген орындарда жүргізеді. Комиссияның жеткізілген Тауардың санына/көлеміне, жиынтығына және ілеспе құжаттарға наразылығы болмаған жағдайда комиссия мүшелері Өнім берушінің өкілімен бірлесіп Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан 2 (екі) данада Қорлардың кіріс ордерін жасайды және оған қол қояды. Шарт бойынша Тауар бөлшектер бойынша жеткізілген жағдайда Тараптар жеткізілген Тауардың әрбір партиясына Қорлардың кіріс ордерін жасайды және оған қол қояды.

5.5.2 Тауарды қабылдау:

Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды Тауарды қоймаға жеткізудің нақты күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

5.5.2.1 Тапсырыс берушіде Тауардың сапасына, жинақталуына және санына ескертулер болмаған жағдайда Тараптар осы Шарттың № 4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қорлардың кіріс ордеріне қол қояды. Қорлардың кіріс ордеріне бөліктерге бөлумен қол қоюға жол беріледі. Шарттың осы тармағына сәйкес Қорлардың кіріс ордеріне қол қою Тапсырыс берушіге Тауарларға меншік құқығының ауысуын және тиісінше Тапсырыс берушіде берілген Тауардың құнын төлеу бойынша міндеттемелердің туындауын білдіреді.

5.5.2.2 Жеткізілген Тауарда сапасы, саны және жиынтығы бойынша кемшіліктер анықталған жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөліміне сәйкес, сондай-ақ өзінің таңдауы бойынша тұрақсыздық айыбын қолдануға құқылы:

- i. Тауардың сатып алу бағасын мөлшерлес төмендетуді талап етуге;
- ii. тиісті сапасы жоқ тауарды Шартқа сәйкес келетін тауарға ауыстыруды талап етуге;
- ii. Өнім берушіден Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды талап ете отырып, Тауарды қабылдаудан бас тартуға.

5.6 Тапсырыс беруші Тауарды «Ақшабұлақ» кен орнындағы (Қызылорда облысы, Сырдария ауданы) «Қазгермұнай БК» ЖШС Тауар-материалдық құндылықтарды қабылдау стандартына сәйкес күнделікті сағат 09:00-ден 16:00-ге дейін; бас кеңседе (120018, Қызылорда қ. Тасбөгет а., Жаңадария шатқалы, 101 ғимараты, тел.+77242 279813) тек жұмыс күндері сағат 09:00-ден 13:00-ге дейін және сағат 14: 00-ден 16:00-ге дейін қабылдайды.

5.7 Жеткізілетін Тауардың сапасы Қазақстан Республикасында қолданылатын нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ТҚ, ОСТ, техникалық регламент және т.б.) талаптарына толық сәйкес келуі және белгіленген үлгідегі дайындаушы зауыттың сапа сертификатымен және сапа паспортымен расталуы тиіс.

5.8 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері, егер бұл техникалық ерекшелікте ескерілсе, олардың Тапсырыс берушінің талаптарына сәйкестігін растау үшін Тауарды техникалық бақылауды және/немесе сынауды жүргізуге құқылы. Осы сынақтардың барлық шығындарын Өнім беруші көтереді.

Егер Тауарды техникалық бақылау және/немесе сынау Өнім берушінің немесе оның қосалқы мердігерінің(лерінің) аумағында жүргізілсе, Тапсырыс берушінің инспекторларына Тапсырыс беруші тарапынан қандай да бір қосымша шығынсыз сызбалар мен өндірістік ақпаратқа қол жеткізуді қоса алғанда, барлық қажетті құралдар ұсынылады және жәрдем көрсетіледі.

Бұл ретте осы Шартта көзделген мерзім осындай сынақтар аяқталған күнге дейін ұзартылады.

5.9 Қажеттілік туындаған жағдайда Тапсырыс беруші 3.1-тармақта көзделген жеткізу күніне дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күн бұрын алдын ала хабарлау арқылы жеткізуге жататын Тауар көлемін азайту құқығын өзіне қалдырады. . Егер Шарттың 3.1 тармағында жеткізу кестесі көзделген болса, онда 20 (жиырма) күнтізбелік күн Тауардың бірінші партиясын жеткізу күніне дейін есептеледі. Тауарды мерзімінен бұрын жеткізу Тапсырыс берушінің жазбаша келісімімен жүргізілуі мүмкін.

5.10 Тараптар орындау басталған күннен бастап Шартта көзделген орындау аяқталған күнге дейінгі кезеңде Тауарлардың бағасын және тиісінше Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бағамының айтарлықтай төмендеуіне байланысты Шарттың сомасын ұлғайтуға құқылы. Шартта мұндай өзгеріске осы Тауарларды сатып алу жоспарында сатып алу үшін көзделген сома шегінде жылына екі реттен артық емес жол беріледі. Бұл ретте Өнім беруші Тапсырыс берушіге өндіріске жұмсалатын шығындардың егжей-тегжейлі калькуляциясын және/немесе Тауарларды жеткізуге жұмсалатын шығындардың ұлғаюына әсер ететін факторларды растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Шарттың жеткізілмеген көлемінің бір бөлігіне көрсете отырып, Шарттың бағасын ұлғайту қажеттілігінің негіздемесін ұсынуға тиіс.

5.11 Тауарды буып-түю және таңбалау

5.11.1 Жеткізілетін Тауарды буып-түю басталғанға дейін Өнім беруші жабдықтарды нашар ауа райының, коррозияның, тиеу-түсіру кезіндегі авариялардың әсерінен қорғау, тасымалдау және сақтау шарттарын сақтау үшін алдын ала сақтық шараларын қабылдауы тиіс, мысалы: жабдықтың ішкі бөліктерін дірілден немесе соққыдан қорғау мақсатында тазалау, бояу, майлау, қорғаныш үлбірін жабу, сыңар бөлшектерді алу, арқандап байлау немесе бекіту.

5.11.2 Тауарды буып-түю кезінде Өнім беруші Тауарды кез келген көлік түрімен тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз ету үшін қаптамаға қойылатын жалпы қабылданған талаптарды басшылыққа алуға тиіс.

5.11.3 Өнім беруші арнайы айналыс және/немесе тасымалдау және/немесе сақтау шарттарын талап ететін жабдықтардың бірліктерін,





сондай-ақ осындай заттармен жұмыс істеу үшін қажетті сақтық шараларын Тапсырыс берушіге хабарлай отырып, ауа райы өзгерістерінің әсеріне ұшырайтын жабдықтарды арнайы анықтауы тиіс.

5.11.4 Тауарлар Тапсырыс берушіге Тауарды тиеу, оны темір жол және/немесе автомобиль көлігімен тасымалдау, тиеуді қоса алғанда, түсіру кезінде зақымданудан сақтауды қамтамасыз ететін тиісті қаптамада жеткізілуі тиіс, әрі қаптамасы кранның көмегімен тасымалдауға қолайлы болуы тиіс.

5.11.5 Әрбір жәшіктің немесе қаптаманың сыртқы жағында қаптама парағының көшірмесі бар су өткізбейтін қағаздан жасалған конверт бекітіледі. Конверт жәшікке бекітілетін металл пластинкамен жабылуы тиіс. Қаптама парағының екінші көшірмесі Тауары бар жәшікке салынуы тиіс. Егер Тауарлар қаптамасыз жөнелтілсе, конверт тікелей Тауардың жұмыс істемейтін бөліктеріне бекітіледі.

5.11.6 Егер мұндай көзделсе, техникалық құжаттама, атап айтқанда Тауарды пайдалану жөніндегі паспорттар мен нұсқаулықтар қажет болған жерде Тауармен бірге жәшікке немесе қаптамаға салынады.

5.11.7 Тауардың қаптамасының сыртқы бөлігінде мазмұны, тәсілі және салыну орны бойынша қажет белгі болуы тиіс: әрбір қаптамада орыс тілінде мыналар анық көрсетілуі тиіс: «АБАЙЛАҢЫЗ ЖОҒАРЫ-ТӨМЕН ЛАҚТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ ҚҰРҒАҚ ЖЕРДЕ САҚТАҢЫЗ ШАРТ № _____ САТЫП АЛУҒА ТАПСЫРЫС (ЛОТ) № _____ САЛМАҒЫ БРУТТО _____ САЛМАҒЫ НЕТТО _____ ЖӘШІК № _____ ӨЛШЕМДЕРІ (см) _____ КӨЛЕМІ (см³) _____ Жүк алушы: Жүк жөнелтуші:

6. Кепілдік және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап соответствии с Приложением №1 и №2 настоящего Договора белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талаптарды алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде өз есебінен ақаулы Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстыру сәтінен бастап басталады. Тауарды ауыстыру бойынша барлық шығындарды Өнім беруші төлейді.

6.4. Егер Тауарды ауыстыру Өнім берушінің кінәсі бойынша кешіктірілген болса, кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Өнім беруші мыналарға кепілдік береді:

6.5.1 Шарттың мәні болып табылатын тауарлар сапалы, жаңа, үшінші тұлғалардың кез келген құқықтарынан бос болып табылады және нормативтік құжаттардың (МЕМСТ, ҚР СТ, ОСТ, ТК, техникалық регламент және т.б.) талаптарына сәйкес келеді.

6.5.2 Өнім берушінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат беру құжаттары, сондай-ақ лицензиялары және өзге де қажетті құжаттары болады.

6.5.3 Өнім беруші Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша Шартты орындауға байланысты ақпарат пен құжаттарды беруге міндеттенеді.

6.5.4 Тауарлар барлық кепілдік мерзімі ішінде барлық нормативтік талаптарға сәйкес болуы тиіс. Кепілдіктің мерзімдері мен шарттары Техникалық ерекшелікте көрсетілген.

6.5.5 Кепілді мерзім ішінде не Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 430-бабында көзделген мерзімдер ішінде Тауарды сапасыз жеткізу және Тауардың кемшіліктерін анықтау - Шарттың 5.5.2.2-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 428-бабында көзделген салдарларға әкеп соғады.

6.5.6 Тауарларды шығару күні Техникалық ерекшелікте (№ 2 қосымша) көрсетілген мерзімдерден аспауы тиіс, ал Техникалық ерекшелікте мерзімдер болмаған жағдайда тиеп жөнелту күніне дейін күнтізбелік 12 (он екі) айдан аспауы тиіс.

6.6 Егер Өнім беруші Тапсырыс беруші мәлімдеген ақауларды/кемшіліктерді толық көлемде және белгіленген мерзімде жоймаса, онда Тапсырыс беруші Шарттың 7-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын қолдануға құқылы.

6.7 Сақтандыру

6.7.1 Шарттың барлық қолданылу мерзіміне, егер бұл тендерлік құжаттамада немесе Тапсырыс берушінің басқа да жеке талабында көзделсе, Өнім беруші тәуекелдердің барлық түрлерін сақтандыруға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін сақтандырудың барлық түрлерін төлеуге тиіс

6.7.2 Барлық сақтандыру полистерінде сақтандыру компаниясының Тапсырыс берушінің шығыстарды өтеуін талап етуге және Тапсырыс берушіге талап қоюға құқығы болмайтынына кепілдік беретін шарттар болуға тиіс.

6.7.3 Өнім беруші сақтандырудың Өнім берушінің осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерін шектеу ретінде түсіндірілмейтінін есепке алады.

6.7.4 Өнім беруші осы Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігер ұйымдар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қосалқы мердігер ұйымдар беретін Тауарды жеткізуге байланысты тәуекелдерді жабатындай көлемде және түрде сақтандырылуын





қамтамасыз етуге тиіс. Тапсырыс берушінің талабы бойынша Өнім беруші әрбір қосалқы мердігерлік ұйымның сақтандырылуын растайтын сақтандыру сертификаттарын ұсынуға тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта көрсетілген тауарды жеткізу мерзімдерін кешіктірген жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге тауарды жеткізуді кешіктірген әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы жеткізілмеген тауар құнының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 20%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге кемшіліктерді жою мерзімдері бұзылған тауар құнының 0,1% мөлшерінде мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін өсімпұл төлейді, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тауарлардағы елішілік құндылық үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін шарт сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасы 10%-нан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.2.5. Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.2.6. Өнім беруші Шарттың 1.1-тармағында көзделген негізгі шарттық міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін - орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелер құнының 10% мөлшерінде айыппұл түріндегі тұрақсыздық айыбы үшін жауапты болады. Тұрақсыздық айыбының осы түрі оларды орындау мерзімдері бойынша міндеттемелерге байланысты бұзушылықтарға қолданылмайды;

7.2.7. Тапсырыс беруші осы Шарт бойынша төлемді жүзеге асырған және өнім беруші осы Шарт бойынша міндеттемелерді белгіленген мерзімде орындамаған немесе тиісінше орындамаған және (немесе) шартты тоқтатқан (оның ішінде оны бұзу жолымен) жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің бірінші жазбаша талабы бойынша алынған ақшалай қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді (олардың шығысы жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді қабылдау актілерімен расталмаған/талап жіберілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде. Қайтару мерзімі бұзылған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушінің талабы бойынша Тапсырыс берушінің ақшасын заңсыз пайдаланғаны үшін әрбір кешіктірілген күн үшін қайтарылуға жататын соманың 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.2.8 Өнім беруші Тапсырыс берушінің талабын алған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Өнім берушінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуына байланысты құзыретті мемлекеттік органдар өндіріп алған барлық төлемдерді Тапсырыс берушіге өтеуге міндеттенеді.

7.2.9 Өнім беруші көрсетілген мерзімде төлемеген не өсімпұл және/немесе айыппұл төлеуден бас тартқан жағдайда Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуден Өнім беруші енгізген (егер Өнім беруші осындай қамтамасыз етуді енгізсе), сондай-ақ Шарт бойынша Өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұлдың және/немесе айыппұлдың, сондай-ақ кемшілікті(лерді) жою жөніндегі шығыстардың сомасын ұстауға құқылы Енгізілген Шарттың орындалуын қамтамасыз етуден жоғарыда көрсетілген өсімпұлды және/немесе айыппұлды ұстап қалу кепілдік міндеттемелер бөлігінде қолданылмайды.

7.2.10 Шартты орындауды кешіктіру форс-мажор жағдайларының салдарынан болса, Жеткізуші Шартты орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын төлеу немесе Шартты бұзу үшін жауапкершілікті көтермейді және өзінің Шартты орындауды қамсыздандыруынан айрылмайды.

7.2.11 Өнім беруші өздері тартқан қызметкерлер мен контрагенттердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі ережелерін, экологиялық және басқа да талаптарды сақтамағаны үшін жауапкершілікте болады, оларды бұзу заңдарда көзделген жауапкершілікке әкеп соғады.

7.2.12 Өнім беруші шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде СТ-KZ нысанының сертификатында(ТПФ тізілімінде көрсетілгеннен төмен емес) көрсетілген елішілік құндылық үлесінің сәйкес келмеуі үшін жауапты болады;

7.2.13. Сертификатта көрсетілген СТ-KZ нысанының елішілік құндылығы үлесі шарттың талаптарымен сәйкес келмеген жағдайда, Өнім беруші шарттың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде жауап береді, оны Өнім беруші тараптар жеткізілген тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті қабылдау-беру актісіне қол қойғанға дейін төлеуі тиіс.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз





міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұл) сомасын ұстап қалуына келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қояды кідірткен жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге әрбір күнтізбелік күн үшін кідірту сомасынан 0,1% мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 10%-дан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

